АРАЛ АУДАНЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ
«АРАЛ АУДАНДЫҚ ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, ЖОЛАУШЫЛАР КӨЛІГІ ЖӘНЕ АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ БӨЛІМІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

АКИМАТ
АРАЛЬСКОГО РАЙОНА
КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«АРАЛЬСКИЙ РАЙОННЫЙ ОТДЕЛ ЖИЛИЩНО-КОММУНАЛЬНОГО ХОЗЯЙСТВА, ПАССАЖИРСКОГО ТРАНСПОРТА И АВТОМОБИЛЬНЫХ ДОРОГ»

120100 Арал қаласы Астана көшесі №35
тел/факс: 8 (724 33) 2 44 96, 8 (724 33) 2 41 86
e-mail: aral_zhkh@korda.gov.kz

120100 город Аральск улица Астана №35
тел/факс: 8 (724 33) 2 44 96, 8 (724 33) 2 41 86
e-mail: aral_zhkh@korda.gov.kz

«17» 08 2021 жыл № 01-11/522 «___» _____ 2021 год

«Қызылорда облысының мемлекттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы» КММ - сі басқарма басшысының орынбасары
И. Махшатовқа

Арал аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі, Сіздің 13 тамыздағы № 05-11/3350 шығыс хатыңызға сәйкес, келесіні хабарлайды.

1). 2012 жылы «Арал қаласы, Тәуелсіздік алаңы, нөмірсіз мекенжайдағы «Тұлпар» автобөлшек дүкеніне автомобиль жолының және алаңының құрылысын салу»;

2). 2014 жылы «Арал қаласы, Қызылорда көшесі, № 1 мекенжайдағы «Ақниет» ресторанына автомобиль жолының және алаңының құрылысын салу»;

3). 2016 жылы «Арал қаласы, Абдуалиев көшесі, № 7 мекенжайдағы «Сайда» сауда үйіне автомобиль жолының және алаңының құрылысын салу»;

4). 2017 жылы «Арал қаласы, Баймұратов көшесі, № 24 мекенжайдағы «Олжа» сауда үйіне автомобиль жолының және алаңының құрылысын салу»;

5). 2020 жылы «Арал қаласы, Достық көшесі, № 14 мекенжайдағы «Наурыз» сауда үйіне автомобиль жолының және алаңының құрылысын салу»

Жоғарыдағы тізімдегі автожол құрылыстарына тапсырыс беруші Аудандық ТҮКШ, ЖК және АЖ бөлімі болмауына байланысты, ешқандай ақпарат жоқ екендігін хабарлайды.

Бөлім басшысы **Ж. Құдайберген**

К. Дәуренбеков
☎ 8 (724 33) 2-41-86

4624
17 08

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СӘУЛЕТ-ҚҰРЫЛЫС БАҚЫЛАУЫ БАСҚАРМАСЫ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

АКИМАТ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «УПРАВЛЕНИЕ ГОСУДАРСТВЕННОГО АРХИТЕКТУРНО-СТРОИТЕЛЬНОГО КОНТРОЛЯ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

120000, Қызылорда қаласы, Скатков көшесі, 96
тел 8(7242) 23-04-52, 8(7242) 23-00-36
e-mail: gask@korda.gov.kz

120000, город Кызылорда, улица Скаткова, 96
тел: 8(7242) 23-04-52, 8(7242) 23-00-36
e-mail: gask@korda.gov.kz

13.08.2021ж № 05-11/3339

Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы басшысының міндетін атқарушы А. Қуандыққа

12.08.2021 жылғы № 03-05/1111 сұраныс хатқа

Қызылорда облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы *(бұдан әрі – Басқарма)* әлеуетті өнім беруші «Арал құрылысы» ЖШС-і тарапынан «Қызылорда облысы, Арал ауданы «Самара-Шымкент-Қамыстыбас-Аманөткел-Жаңақұрылыс» (21 км.) аудандық маңызы бар автомобиль жолының құрылысы» жұмысын мемлекеттік сатып алу конкурсы бойынша жұмыс өтіліне қатысты ұсынған құжаттарын зерттеп, нәтижесінде анықталған төмендегі мән-жайларды хабарлайды.

Біріншіден, Басқарма Қызылорда облысы әкімдігінің 13.01.2015 жылғы № 815 қаулысымен құрылған сәттен бастап «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының *(әрі қарай – Заң)* 75-1 бабына сәйкес нысандарды пайдалануға қабылдау актілерін есепке алудың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізуді жүзеге асырып келеді.

Сонымен бірге, «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 16.05.2014 жылғы Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 28)-тармағына сәйкес ***«хабарлама** – рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті орган, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі немесе қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу,* ***бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша өтініш беруші жасаған, қызметтің немесе әрекеттің жүзеге асырылуының басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы ақпарат беретін құжат»,*** ал 29)-тармағына сәйкес ***«хабарлама жасау тәртібі – қызметті немесе әрекеттерді жүзеге асыру басталғанға дейін жеке немесе заңды тұлғаның бұл туралы осы Заңда белгіленген тәртіппен хабарламаларды қабылдауды***

жүзеге асыратын мемлекеттік органды хабардар ету міндетін белгілеу» болып табылады.

Бұған қоса, осы Заңның 46-бабының 2-тармағының талабына сәйкес өтініш берушілер рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы хабарламаларды қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органға **хабарламаларды жібереді,** ал Басқарма 13-бабының 4)-тармақшасына сәйкес **хабарламаларды есепке алып, мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізеді.**

Осыған орай, сұраныс хаттың 2-тармағында көрсетілген *(Строительство автомобильных дорог и площадки ресторана «Акниет»по адресу г.Аральск, ул.Кызылорда № 1)* нысанға және 3-тармағында көрсетілген *(Строительство автомобильных дорог и площадки магазина автозапчастей «Тулпар» по адресу г.Аральск, ул.Тауелсиздик аланы б/н)* нысанға қатысты мәліметтер Басқармада тіркелмегенін назарыңызға жеткізеді.

Дегенмен, зерттеу нәтижелері бұл екі нысанды пайдалануға қабылдау туралы 07.06.2012 жылғы және 18.07.2014 жылғы актілерінің **жалған** екенін көрсетті.

Себебі, 2016 жылға дейін қолданыста болған Заңның 75-бабының талаптарына сәйкес өндірістік, әлеуметтік және қызмет көрсету нысандарын пайдалануға қабылдау рәсімі санэпидемиялық, мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы, өртке қарсы қызмет және тағы басқа бақылау органдарынан құрылатын мемлекеттік комиссиямен жүзеге асырылғанын ескерсек, жоғарыда көрсетілген екі нысанды пайдалануға қабылдау актісі 01.01.2016 жылдан бастап қолданысқа енген осы баптың жаңа редакциясы бойынша ресімделгені көрінеді және қабылдау актілеріне қоса берілген орындалған жұмыстар туралы актілерде *(Форма № 2)* автомобиль жолдарының құрылысына қатысты орындалған қандайда бір құрылыс-монтаждау жұмыстары *(название улицы, где производились строительства автодороги, объем строительных работ автодороги (км), работы устройство основания дороги и т.д.)* көрсетілмеген.

Екіншіден, сұраныс хаттың **бірінші** *(Строительство автомобильных дорог и площадки ТД «Наурыз» по адресу г.Аральск, ул.Достық № 14)*, **төртінші** *(Строительство автомобильных дорог и площадки ТД «Олжа» по адресу г.Аральск, ул.Баймуратов № 24)*, **бесінші** *(Строительство автомобильных дорог и площадки ТД «Сайда» по адресу г.Аральск, ул.Абдуалиева № 7)* тармақтарында көрсетілген нысандар бойынша тапсырыс берушілер тарапынан «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 46-бабының 2-тармағына сәйкес құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталғаны туралы Басқармаға **хабарламалар жолданбағаны** және бұл нысандарды пайдалануға қабылдау туралы 15.08.2016 жылғы, 08.08.2017 жылғы, 12.09.2020 жылғы актілері Заңының 75-1 бабына сәйкес мемлекеттік электрондық тізілімге енгізу арқылы **есепке алынбағаны** және қабылдау актілеріне қоса берілген орындалған жұмыстар туралы актілерде *(Форма № 2)* автомобиль жолдарының құрылысына қатысты орындалған қандайда бір құрылыс-монтаждау жұмыстары *(название улицы, где производились строительства*

автодороги, объем строительных работ автодороги (км), работы устройство основания дороги и т.д.) көрсетілмегені анықталды.

Бұл ретте, 5 нысанды пайдалануға қабылдау актілерінде тек олардың аулаларына асфальт төсеу жұмыстары жүргізілгені көрсетілгенін, бұл жұмыстар нысан аумағын **абаттандыру** санатындағы жұмыстарға жататындығын ескерген жөн.

Бұған қоса, «Автомобиль жолдары туралы» 17.07.2001 жылғы Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 5-тармағына сәйкес, елді мекендердің көшелері тиісті жергілікті атқарушы органдардың қарамағында болады және коммуналдық меншік болып табылады.

Демек, «Арал құрылысы» ЖШС-і бұл автомобиль жолдарын салу жұмыстарын Арал ауданындағы жергілікті атқарушы органдардың қатысуынсыз жүзеге асыруы мүмкін емес.

Басқарма зерттеу барысында анықталған осы деректерге құқықтық тұрғыдан баға бере отырып, әлеуетті өнім беруші «Арал құрылысы» ЖШС-і ұсынған 5 нысанды пайдалануға қабылдау актілері бойынша атқарылған жұмыстарды «автомобиль жолдарын салу» саласындағы жұмыс өтілі ретінде есепке алуға жатпайды деп санайды.

Басқарма басшысының
орынбасары **И. Махшатов**

орынд.И.Махшатов
тел: 23-02-16